

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ  
М.Х.ДУЛАТИ АТЫНДАҒЫ ТАРАЗ ӨҢІРЛІК УНИВЕРСИТЕТІ



The Maria Grzegorzewska  
**UNIVERSITY**  
established 1922



**I ТОМ**



педагогика ғылымдарының докторы,  
ҚПҒА академигі БУЗАУБАКОВА КЛАРА ЖАЙДАРБЕКҚЫЗЫНЫҢ  
60 жылдық мерейтойына арналған  
«ҮЗДІКСІЗ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ: ИННОВАЦИЯЛЫҚ ПАРАДИГМА,  
ТЕХНОЛОГИЯ ЖӘНЕ ӘДІСТЕМЕ»  
атты Халықаралық педагогикалық оқуларының

**ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК**

«НЕПРЕРЫВНОЕ ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ ОБРАЗОВАНИЕ:  
ИННОВАЦИОННАЯ ПАРАДИГМА, ТЕХНОЛОГИЯ И МЕТОДИКА»,  
посвященные 60-летнему юбилею доктора педагогических наук,  
академика АПНК  
БУЗАУБАКОВОЙ КЛАРЫ ДЖАЙДАРБЕКОВНЫ

**COLLECTION**

"CONTINUING PEDAGOGICAL EDUCATION: INNOVATIVE PARADIGM, TECHNOLOGY AND  
METHODOLOGY", dedicated to the 60th anniversary of  
Doctor of Pedagogical Sciences, Academician of KPGA  
KLARA ZAYDARBEKYZY BUZAUBAKOVA

Тараз, 15 наурыз 2023 жыл



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ  
М.Х. ДУЛАТЫ АТЫНДАҒЫ ТАРАЗ ӨНІРЛІК УНИВЕРСИТЕТІ  
ПЕДАГОГИКА КАФЕДРАСЫ  
ШАДРИНСК МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ (РЕСЕЙ ФЕДЕРАЦИЯСЫ),  
КАРАБЮК УНИВЕРСИТЕТІ (ТУРЦИЯ), БРАГАНСА ПОЛИТЕХНИКАЛЫҚ ИНСТИТУТЫ  
(ПОРТУГАЛИЯ), МАРИЯ ГЖЕГОЖЕВСКАЯ УНИВЕРСИТЕТІ (ПОЛЬША), ХАЛЫҚАРАЛЫҚ  
АҚПАРАТТАНДЫРУ АКАДЕМИЯСЫ (ҚАЗАҚСТАН),  
БІЛІМ САРАПШЫЛАРЫНЫҢ ҚАЗАҚ ЛИГАСЫ

МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
ТАРАЗСКИЙ РЕГИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ М.Х.ДУЛАТЫ  
КАФЕДРА ПЕДАГОГИКИ  
ШАДРИНСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ (РОССИЙСКАЯ  
ФЕДЕРАЦИЯ), УНИВЕРСИТЕТ КАРАБЮК (ТУРЦИЯ), ПОЛИТЕХНИЧЕСКИЙ ИНСТИТУТ  
БРАГАНСА (ПОРТУГАЛИЯ), УНИВЕРСИТЕТ МАРИИ ГЖЕГОЖЕВСКОЙ (ПОЛЬША),  
МЕЖДУНАРОДНАЯ АКАДЕМИЯ ИНФОРМАТИЗАЦИИ (КАЗАХСТАН), КАЗАХСКАЯ ЛИГА  
ЭКСПЕРТОВ ОБРАЗОВАНИЯ

MINISTRY OF SCIENCE AND HIGHER EDUCATION OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN  
M.KH. DULATY TARAZ REGIONAL UNIVERSITY  
DEPARTMENT OF PEDAGOGY  
SHADRINSK STATE PEDAGOGICAL UNIVERSITY (RUSSIAN FEDERATION) UNIVERSITY OF  
KARABUK (TURKEY), POLYTECHNIC INSTITUTE OF BRAGANZA (PORTUGAL), THE MARIA  
GRZEGORZEWSKA UNIVERSITY (POLAND), INTERNATIONAL ACADEMY OF INFORMATIZATION  
(KAZAKHSTAN), KAZAKH LEAGUE OF EDUCATIONAL EXPERTS

Педагогика ғылымдарының докторы, ҚПҒА академигі  
БУЗАУБАКОВА КЛАРА ЖАЙДАРБЕКҚЫЗЫНЫҢ  
60 жылдық мерейтойына арналған  
«Үздіксіз педагогикалық білім беру:  
инновациялық парадигма, технология және әдістеме» атты  
Халықаралық педагогикалық оқуларының  
МАТЕРИАЛДАРЫ

МАТЕРИАЛЫ  
Международных педагогических чтений  
«Непрерывное педагогическое образование: инновационная парадигма,  
технология и методика», посвященные  
60-летнему юбилею доктора педагогических наук, академика АПНК  
БУЗАУБАКОВОЙ КЛАРЫ ДЖАЙДАРБЕКОВНЫ

MATERIALS  
International Pedagogical Readings  
«Continuing pedagogical education: innovative paradigm, technology and  
methodology», dedicated to the 60th anniversary of  
Doctor of Pedagogical Sciences, Academician of KPGA  
KLARA ZAYDARBEKKYZY BUZAUBAKOVA

ТОМ 1

2023 жылы 15 наурыз  
15 марта 2023 года  
15 march 2023

«Dulaty university»  
баспасы  
Тараз, 2023

**УДК 37.0**  
**ББК 74.00**  
**П23**

**Редакционная коллегия: Елубаева М.С., Ушакбаева К.Р., Конакбаева Т.Е.**

**Ответственный редактор: Бузаубакова К.Д.**

Педагогика ғылымдарының докторы, ҚПҒА академигі Бузаубакова Клара Жайдарбекқызының 60 жылдық мерейтойына арналған **«Үздіксіз педагогикалық білім беру: инновациялық парадигма, технология және әдістеме» атты Халықаралық педагогикалық оқуларының материалдары.** – Тараз: Dulary university, 2023. Том 1. - 168 б.

**ISBN 978-9965-37-416-6**

**Материалы Международных педагогических чтений «Непрерывное педагогическое образование: инновационная парадигма, технология и методика»,** посвященные 60-летию юбилею доктора педагогических наук, академика АПНК Бузаубаковой Клары Джайдарбековны – Тараз: Dulary university, 2023. Том 1. – 187 с.

Жинаққа «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасы аясында үздіксіз педагогикалық білім беру жүйесін модернизациялауға; білім берудің жаһандану жағдайында педагогикалық кадрларды кәсіби даярлаудың заманауи тенденцияларын және цифрлы білім берудің заманауи трендерін айқындауға, педагогтердің шығармашылық әлеуетін жетілдіруге, педагог кадрларды дайындаудағы әлемдегі үздік ЖОО инновациялық іс-тәжірибесін зерделеуге арналған материалдар енгізілген.

Жинақ жоғары және орта мектеп оқытушыларына, студенттерге, магистранттарға, докторанттарға арналған.

В сборнике размещены материалы по модернизации системы непрерывного педагогического образования в рамках национального проекта «Качественное образование «Образованная нация»; выявлению современных тенденций профессиональной подготовки педагогических кадров и определению современных трендов цифрового образования в условиях глобализации образования; совершенствованию творческого потенциала педагога; раскрытию сущности современных педагогических технологий, повышающих качество образования; изучению инновационного опыта лучших вузов мира в подготовке педагогических кадров.

Сборник предназначен для преподавателей высшей и средней школы, студентов, магистрантов, докторантов.

Материалы публикуются в авторской редакции.

**УДК 37.0**  
**ББК 74.00**

**ISBN 978-9965-37-416-6**

ӘОЖ: 378.147

## **ЦИФРЛЫ ОРТАДАҒЫ БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІ**

К.Д.Бузаубакова

М.Х.Дуллати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз қ

**Аңдатпа:** Мақалада Қазақстан Республикасында қашықтықтан білім беру жағдайында цифрлы ортадағы болашақ педагогтің педагогикалық құзыреттілігінің мәні айқындалады: кәсіби құзыреттілік; технологиялық құзыреттілік.

Сондай-ақ, мақалада «цифрлық сауаттылық» және «цифрлық құзыреттілік» ұғымдарының мәні, ерекшеліктері ашылып, ара-жігі ажыратылады.

Зерттеу АР09259497 «Жаңа жағдайдағы Қазақстанда педагогикалық білім беру жүйесін жетілдіру: Қазақстан Республикасында қашықтықтан оқытуда болашақ педагогтердің цифрлы құзыреттіліктерін қалыптастырудың технологиялық-әдістемелік аспектілері» атты гранттық жобасы аясында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі тарапынан қаржыландырылады.

**Кілтті сөздер:** қашықтан оқыту, цифрлы құзыреттілік, цифрлық сауаттылық, технологиялық құзыреттілік, кәсіби құзыреттілік.

**Аннотация:** В статье определено значение педагогической компетентности будущего педагога в цифровой среде в условиях дистанционного образования в Республике Казахстан профессиональная компетентность; технологическая компетентность.

А также в статье раскрываются особенности понятий «цифровая грамотность» и «цифровая компетентность» и различаются их смысл.

Исследование АР09259497 в рамках грантового проекта «Совершенствование системы педагогического образования в новой реальности Казахстана: технологические аспекты формирования цифровых компетенций будущих педагогов при дистанционном обучении РК» финансируется Министерством Образования и науки РК.

**Ключевые слова:** дистанционное обучение, цифровая компетентность, цифровая грамотность, технологическая компетентность, профессиональная компетентность

**Annotation:** The article defines the importance of pedagogical competence of the future teacher in the digital environment in the conditions of distance education in the Republic of Kazakhstan, professional competence, technological competence. The article also reveals the features of the concepts of «digital literacy» and «digital competence» and their meaning differs.

The research АР09259497 within the framework of the grant project «Improving the system of pedagogical education in the new reality of Kazakhstan: technological and methodological aspects of the formation of digital competencies of future teachers in distance learning of the Republic of Kazakhstan» is funded by the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan.

**Keywords:** distance learning, digital competence, digital literacy, technological competence, professional competence.

XXI ғасырда қоғамда тез қарқынмен жүріп жатқан ақпараттандыру процесі ақпараттық органын бұрыннан болмаған әлемдік деңгейде ауқымын кеңейтті. Ақпараттандыру процесі білім беру жүйесін де қамтып, болашақ педагогтерді кәсіби тұрғыдан даярлауды жаңа мазмұнда қарастыруды қажет етеді: Интернет желісі, интернет ресурстары, ақпараттық медиақұралдар және цифрлық ортадағы инновациялық педагогикалық тәжірибелер, ақпараттың әрбір адамға, соның ішінде әрбір педагогке тұрған жеріне, жұмыс орнына қармастан бірдей уақытта және бірдей көлемде лезде жетуі және т.б.

Жаңа Қазақстан жағдайында педагогикалық жоғары оқу орындарында педагог кадрларды дайындау жүйесін жетілдіру және болашақ педагогтердің цифрлық құзыреттілігін қалыптастыру өзекті мәселеге айналып отыр.

Цифрлы Қазақстан жағдайында әлемдік бәсекеге қабілетті болашақ педагогтерді даярлау педагогикалық жоғары оқу орнында цифрлы технологияның қыры мен сырын толық меңгерген, өзінің жеке инновациялық ақпараттық педагогикалық банк қоры, цифрлы контенті және инновациялық медиатекасы бар, білім алушының шығармашылық, креативтік, интеллектуалдық қабілетін дамыту үшін инновациялық ғылыми-зерттеушілік жұмыс жасап, оның нәтижесін диагностикалық сараптамадан өткізіп, педагогикалық мониторинг жасай алатын, инновациялық сабақтың технологиялық картасын құрай алатын жоғары интеллектуалды әлеуеті бар, цифрлы ортада инновациялық технологиялық іс-әрекетті жүзеге асыра алатын цифрлы құзыреттілігі қалыптасқан болашақ педагогтерді даярлауды жүзеге асыруды көздейді.

Психологиялық-педагогикалық әдебиеттерде «құзыреттілік» сөзі кең мағынада ашылады. Педагогика ғылымдарында кәсіби құзыреттілік ұғымы білім мен іскерліктің жиынтығы, мәселелерді шешудегі дағдының көлемі, жеке сапалар мен қабілеттердің өзара қабысуы, кәсіби маңызды тұлғалық сапалар мен білім кешені, еңбекке теориялық және практикалық дайындықтың тұтас жиынтығы түрінде қарастырылады [1,2].

Құзыреттілік – педагогтың өзін маман ретінде өз бетімен білімін, кәсіби шеберлігін, мәдениеттілігін көтеріп, қазіргі заман талабына сай бейімдей білуі.

Қазіргі заман талабына сай заманауи болашақ педагог төмендегідей құзыреттіліктерді меңгеруі тиіс:

1. кәсіби қызметте ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) қолдану;
2. білім алушылардың жобалық қызметін жоспарлау және ұйымдастыру: онлайн форумдар мен семинарлар; виртуалды оқыту ортасын ұйымдастыру үшін меншікті Web, желілік және мультимедиялық технологияларды меңгеру;
3. әртүрлі типтегі ақпаратты өңдеу дағдыларын меңгеру;
4. заманауи құралдарды пайдалана отырып, бағдарламалау дағдыларын игеру.

Цифрлық сауаттылық ақпарат пен деректер дағдыларын, желілік байланыс пен ынтымақтастықты, цифрлық мазмұнды жасауды, қауіпсіздікті және мәселелерді шешуді қамтитын негізгі сандық дағдыларды қамтиды.

Цифрлық құзыреттілік – цифрлы технологиямен байланысты дағдыларды сипаттайтын жаңа ұғымдардың бірі. Цифрлық құзыреттілік – бұл цифрлық дағдыларды (білімдер мен көзқарастар) белгілі бір контексте (мысалы, білім беруде) сенімді, сыни тұрғыдан ойлау және жауапкершілікпен қолдану қабілеті [3].

2006 жылдан бастап цифрлық құзыреттілік Еуропалық Одақта өмір бойы білім алудың сегіз негізгі құзыретінің бірі ретінде қарастырылады [4].

Кәсіби нақты цифрлық дағдылар – жұмысы сандық құралдарды (мысалы, 3D принтерлер, CAD бағдарламалық жасақтамасы, роботтар) пайдалану және қызмет көрсетумен байланысты адамдар үшін арнайы сандық дағдылар жиынтығы.

1-суретте DIGCOMP (азаматтарға арналған цифрлық құзыреттілік шеңбері) негізгі цифрлы құзыреттілік аясы бес салаға бөліп көрсетілді [5].

Цифрлы дағдыларға жататындар: фото-бейнелеу дағдылары; репродукциялық дағдылар; тармақталу дағдылары; ақпараттық дағдылар; әлеуметтік-эмоционалды дағдылар; нақты уақыттағы ойлау дағдысы.

Цифрлы құзыреттіліктің төрт түрін атап өтеміз: ақпараттық және медиақұзыреттілік; коммуникативтік құзыреттілік; техникалық құзырет; тұтынушылық құзыреттілік.

Ақпараттық құзыреттілік дегеніміз – болашақ педагогтің ақпаратты ұсына білу, ақпаратты таба білу және ақпаратты сақтау қабілеті.

Болашақ педагогтің коммуникациялық құзыреттілігі:

1. желілік құжаттармен және бұлттық технологиялармен жұмыс істей білуі;
2. ақпаратты беру және алмасу үшін Интернет байланыс арналарын құру мүмкіндігін пайдалана алуы;


3. желілік топтарды модерациялау және желілік этикетті жүзеге асыру мүмкіндігі ретінде топтық желі саясатын құру.

Медиақұзыреттілік болашақ педагогтің мәтінді, дыбысты, бейнені графикалық өңдеуі; мультимедиялық, интерактивті, гипермәтіндік материал құра алуы және сабаққа интерактивті дидактикалық материалдарды құра алуы болып табылады.

Болашақ педагогтің технологиялық дағдыларын құрайтындар: мәті, сурет және фотосуреттерді қосу және өңдеу; диаграмма, кесте, қарапайым сызбаларды тез және сапалы құру; бейне жазу және өңдеу; кез келген слайдқа дыбыстық және шағын бейне фрагменттерін қосу және т.б.

Болашақ педагогтің ақпараттық қауіпсіздік құзыреттері:

1. цифрлық нысанда және интернет кеңістігінде ақпаратты пайдалану, сақтау және беру мәселелері бойынша құқық саласындағы білімі;
2. лицензиялау заңнамасын білу;
3. құпия ақпаратты сақтау ережелерін сақтау мүмкіндігі;
4. ақпараттық өнімдерді, компьютерлік үлгілерді және цифрлық прототиптерді пайдалану кезінде авторлық құқықты құрметтей білу;
5. еркін таратылатын және еркін пайдаланылатын цифрлық ақпараттық өнімдерді, цифрлық құралдар мен ресурстарды, соның ішінде ғаламтордан ақпараттарды тез әрі жылдам таңдау, іріктеу және өңдеу мүмкіндігі.



Сурет 1. Цифрлы құзыреттілік аясының сипаттамасы

Цифрлы ортада болашақ педагогтің педагогикалық құзыреттілігінің мазмұны да бағыты да өзгереді, сол себепті «цифрлық сауаттылық»; «цифрлық құзыреттілік» ұғымдарының мәнін ашу маңызды (1-кесте).

Жаңа ғасырда цифрлық білім берудің жаңа технологиялары мен форматтары пайда болды: қашықтықтан оқыту технологиялары; аралас оқыту; жобалық іс-шараларды ұйымдастыру; бетпе-бет оқытудың жаңа форматтары.

Бүгінде педагогика ғылымының жаңа саласы цифрлы педагогика өмірге келді. Цифрлық педагогика – әртүрлі цифрлық технологияларды қамтитын және соның нәтижесінде білім беру қызметінің жоғары сапасын қамтамасыз ететін педагогикалық процесті зерттейтін педагогиканың жаңа саласы.

Кесте 1.

«Цифрлық сауаттылық» және «цифрлық құзыреттілік» ұғымдарының мәні

Реті	Анықтама	Шығу көзі
1	<b>Цифрлық сауаттылық</b> – түрлі цифрлық платформалардағы мәтін мен басқа да бұқаралық ақпарат құралдарының көмегімен ақпаратты табу, бағалау және нақты жеткізу мүмкіндігі	<a href="https://ru.wikipedia.org/wiki/">https://ru.wikipedia.org/wiki/</a>
2	<b>Цифрлық сауаттылық</b> – бұл цифрлық құралдар мен технологияларды, сондай-ақ интернет ресурстарын қауіпсіз және тиімді пайдалану үшін қажетті білім мен іскерліктің жиынтығы.	<a href="https://skysmart.ru/articles/programming/cifrovaya-gramotnost">https://skysmart.ru/articles/programming/cifrovaya-gramotnost</a>
3	<b>Цифрлық құзыреттілік</b> – технологияларды тиімді пайдалану дағдылары: ақпаратты іздеу, цифрлық ресурстарды пайдалану, әлеуметтік желілердің мүмкіндіктерін пайдалану, қаржылық операциялар, онлайн-сатып алу, ақпаратты сыни қабылдау, мультимедиалық контент жасау, ақпаратты синхрондау және т.б.	<a href="https://skysmart.ru/articles/programming/cifrovaya-gramotnost">https://skysmart.ru/articles/programming/cifrovaya-gramotnost</a>
4	<b>Цифрлық құзыреттілік</b> – өз құзыреттіліктерін үздіксіз меңгеруге негізделген (білім, ақыл-ой, уәждеме, жауапкершілік) дара, тиімділік сенімді, сыни және қауіпсіз таңдау және өмірдің түрлі салаларында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану (ақпараттық орта, коммуникация, тұтыну, т.б.); цифрлық ресурстарды пайдалану бойынша кәсіби білімдер мен іскерліктердің жиынтығы ғана емес, сонымен қатар жауапкершілік сезіміне негізделген тиімді қызметті жүзеге асыру және оған жеке көзқарасқалыптастыру	Солдатова Г.У., Рассказова Е.И. Психологические модели цифровой компетентности российских подростков и родителей // Национальный психологический журнал. - 2014. - №2(14).- С. 27-35
5	<b>Цифрлық құзыреттілік</b> – педагогтердің цифрлы ортада (кәсіптік контексте) білім алушылардың білім алудың маңызын сезінумен бірге алған жаңа білімді тәжірибеде тиімді пайдалана алатын дайцифрлы технологияларды, цифрлы оқыту стратегияларын меңгеруі	Krumsvik R.A. Digital competence in Norwegian teacher education and schools/ R.A.Krumsvik// Högre Utbildning. – 2011. – №1 (1). – P.39–51.

Ғалымдардың зерттеуіне сүйенсек, цифрлық сауаттылық – түрлі цифрлық платформалардағы мәтін мен басқа да бұқаралық ақпарат құралдарының көмегімен ақпаратты табу, бағалау және нақты жеткізу мүмкіндігі, ал цифрлық құзыреттілік – бұл индивидтің өмірде іс-әрекеттің әртүрлі аймағында ақпараттық-коммуникациялық технологияны қауіпсіз таңдау, сенімді, сындарлы және тиімді пайдалануы, цифрлық контентпен жұмыс, қарым-қатынас, тұтыну және т.б. [6,7, 8].

Үшінші мыңжылдықта ақпараттық, цифрлық және телекоммуникациялық технологиялардың қарыштап дамуына байланысты «цифрлық құзыреттілік» ұғымының мәні жылдан-жылға кеңейе түсуде.


Солдатова Г.У., Нестик Т.А., Рассказова Е.И., Зотова Е.Ю. және т.б. ғалымдардың зерттеуіне сүйенсек, цифрлық құзыреттілік – құрамында тағы да төрт құзыреттілікті біріктіретін күрделі феномен [8;7]:

1. *Ақпараттық және медиақұзыреттілік.* Бұл цифрлық ақпараттарды іздеу, ұғыну, ұйымдастыру, мұрағаттау және оларды сындарлы ой -елегінен өткізе алмен байланысты болатын білім, білік, ынталандыру және жауапкершілік, сондай-ақ цифрлық ресурстарды (мәтін, аудио және бейне) пайдаланып, ақпараттық ортаны қалыптастыру.

2. **Коммуникативтілік құзыреттілік.** Бұл әртүрлі мақсаттар үшін жасалынатын қарым-қатынасқа қажетті білім, білік, ынталандыру және жауапкершілік (электронды пошта, чаттар, блогтар, форумдар, әлеуметтік желі және т.б.).
3. **Техникалық құзыреттілік.** Бұл техникалық және бағдарламалық құралдарды, соның ішінде компьютерлік желі, бұлттық сервистерді қауіпсіз әрі тиімді пайдаланып, әртүрлі міндеттерді орындау үшін қажетті білім, білік, ынталандыру және жауапкершілік.
4. **Тұтынушылық құзыреттілік.** Бұл күнделікті міндеттерді орындауда цифрлы құрылғылар және ғаламтор көмегімен түрлі қажеттіліктерді қанағаттандыратындай, нақты өмірлік жағдаяттарды шешу үшін қажетті білім, білік, ынталандыру және жауапкершілік (1-сурет).

Цифрлы технологиялар болашақ педагогтердің білім деңгейлерін бақылау мен бағалаудың қолданыстағы әдістерін дамытуға және жаңа, неғұрлым озық заманауи әдістерін құруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, білім алушылар туралы және олардың цифрлық ортадағы белсенділігі туралы көптеген ақпаратты талдау арқылы ЖОО оқытушысы оған жеткілікті дәрежеде көмек көрсете алады, цифрлы ортада болашақ педагогтің дербес жұмыс жасауына мүмкіндік ашылады.

Дегенмен де болашақ педагог дербес деректерді сақтау саласындағы заңнаманы және нормативтік құжаттарды білу, қауіпсіз цифрлық білім беру ортасын ұйымдастыру мүмкіндігі, сандық құралдармен және оқу платформаларымен қауіпсіз жұмыс істеу мүмкіндігі, білім беру қатынастарының барлық қатысушыларының құқықтарын сақтай отырып, цифрлық ортада оқу орнының оң имиджін қалыптастыру мүмкіндігі сияқты ақпараттың қауіпсіздігі және құпиялылығын сақтауы маңызды.



Сурет 2. Цифрлы құзыреттілік түрлері

Цифрлы ресурстармен жұмыс жасағанда болашақ педагог төмендегідей жеке деректермен құпия ақпараттың қауіпсіздігін сақтауы тиіс:

1. сақтық шаралары үшін барлық файлдардың көшірмесін мезгіл-мезгіл жасап тұру;
2. дайын жұмысты сақтау үшін сыртқы дискілерді немесе сенімді әзірлеушілердің бұлттық жадын пайдалану;
3. бұлтты сақтау қызметін пайдалану;
4. қызметтік және жеке хат-хабарларды бөлу үшін қосымша пошта жәшіктерін жасау.


Цифрлы ортада жұмыс жасағанда болашақ педагог төмендегідей цифрлық этикетті білуі шарт:

1. онлайн және қашықтан байланысу мүмкіндігін;



2. қашықтан қақтығыссыз хабар алмасу мүмкіндігін
3. талқылау тақырыбынан алшақтататын жағымсыз мәлімдемелер мен пікірталастарды тоқтату мүмкіндігі;
4. желілік топ мүшелерінің мінез-құлқын модерациялау мүмкіндігі: жариялау белсенділігін ынталандыру, талқылауға қатысушыларды белсендіру және талқылауды мәселеге сәйкес ұстау;
5. ақпарат көздеріне қол жеткізу қауіпсіздігін анықтау мүмкіндігі;
6. ақпараттың дұрыстығын тексеру мүмкіндігі.

1-суретте цифрлы ортадағы болашақ педагогтің цифрлы педагогикалық құзыреттілігі ашылды: педагогикалық құзыреттілік, кәсіби құзыреттілік технологиялық құзыреттілік.



Сурет 1. Цифрлы ортадағы болашақ педагогтің цифрлы педагогикалық құзыреттілігі

Қашықтықтан оқыту жағдайында болашақ педагогтердің цифрлы құзыреттіліктерін қосымша дамытуға және анықтауға мүмкіндік бар, атап айтқанда:

1. білім алушылармен және әріптестерімен цифрлы ресурстарды (платформаларды) пайдаланып байланыс мүмкіндіктерін үйрету;
2. цифрлы ортада оқытушылармен материалдар алмасу және құру дағдыларын дамыту;
3. оқу материалын құру және барды бейімдеу үшін цифрлы контенттерді пайдалану;
4. ақпаратты қорғау тәсілдері туралы білімдерін тереңдету;
5. ақпараттың сенімділігін бағалау және жалған немесе біржақты ақпаратты анықтау;
6. цифрлық технологияларды қауіпсіз және жауапкершілікпен пайдалану;
7. білім беру мәселелерін шешу үшін цифрлық технологияларды шығармашылықпен қолдану;
8. білім беру процесінде цифрлы технологияларды қолдану және білім алушылардың желідегі белсенділігін бақылау;
9. білім алушылардың үлгерімі мен интеллектуалды өсу деңгейлерін бағалау және бақылау үшін сандық құралдарды пайдалануды үйрену және оларды қосымша қолдану.

Оқыту кезінде цифрлы технологияларды пайдаланудың артықшылықтарының бірі – білім алушыларды түгелдей оқу процесіне белсенді қатыстыруға мүмкіндіктерінің болатындығы.

Цифрлы технологияларды білім беру қызметін әр білім алушының білімділік деңгейіне, оның қызығушылықтары мен қажеттіліктеріне бейімдеу мақсатында пайдалануға болады. Сонымен қатар, бар теңсіздіктің жағдайын күшейтпеу үшін (мысалы, білім алушылардың барлығы бірдей интернет желісіне және дербес компьютерге қол жетімділікке және сандық технологияларға икемділікке ие емес) және технологияның барлық білім алушыларға қол жетімді болуын қадағалауымыз керек.

### Әдебиет

1. Шетел сөздерінің қысқаша сөздігі. – М.,1990. – 254 б.
2. Орыс тілінің энциклопедиялық сөздігі. – М.: Русский язык, 1990. – 794 с.
3. Бузаубакова К.Д., Амирова А.С., Маковецкая А.А. Цифрлы педагогика: Оқулық. – Тараз: «ИП» Бейсенбекова А.Ж.»,2022. – 314 б.
4. European Commission. Recommendation of the European Parliament and of the Council Official of the key lifelong learning competences // Journal of the European Union. 30 December 2006/L394. – P.10-18.
5. <https://ec.europa.eu/jrc/en/publication/eur-scientific-and-technical-research-reports/digcomp-21-digital-competence-framework-citizens-eight-proficiency-levels-and-examples-use>.
6. <https://ru.wikipedia.org/wiki/>
7. <https://skysmart.ru/articles/programming/cifrovaya-gramotnost>
8. Солдатова Г.У., Нестик Т.А., Рассказова Е.И., Зотова Е.Ю. Цифровая компетентность подростков и родителей. Результаты всероссийского исследования. – М.: Фонд Развития Интернет, 2003. –144 с.

ӘОЖ: 373.22

### СОВРЕМЕННЫЙ ПОДХОД К ИСПОЛЬЗОВАНИЮ ЦИФРОВЫХ ТЕХНОЛОГИИ В ДОШКОЛЬНЫХ ОРГАНИЗАЦИЯХ

Ауезова А.А.

Казахский национальный педагогический университет им. Абая, г. Алматы

**Аннотация:** Цифровизация как инновационная практика в сфере образования преобразует субъекта, познающего в субъект действующий, меняет взаимодействие «педагог-обучаемый» на диалогическое сотрудничество, трансформирует традиционное обучение в интерактивное. Цифровые технологии стали важным инструментом, позволяющим работать с любыми видами информации. И именно поэтому они сегодня так актуальны в сфере образования. Цифровая трансформация коснулась сегодня не только школы и высшего образования. Использование цифровых технологий в дошкольном образовании – одна из актуальных инновационных проблем современности. Детский сад не остается в стороне от тенденций современного цифрового общества.

**Ключевые слова:** робототехника, искусственный интеллект, инженерное мышление, конструирование, Lego конструкторы.

**Аңдатпа:** Цифрландыру білім беру саласындағы инновациялық практика ретінде таным субъектісін әрекет етуші субъектіге айналдырады, «педагог-білім алушының» өзара іс-қимылын диалогтік ынтымақтастыққа өзгертеді, дәстүрлі оқытуды интерактивтіге айналдырады. Цифрлық технологиялар ақпараттың кез келген түрімен жұмыс істеудің маңызды құралына айналды. Сондықтан олар бүгін де білім беру саласында өте өзекті. Бүгінгі таңда цифрлық трансформация тек мектеп пен жоғары білімге ғана қатысты емес. Мектепке дейінгі білім беруде цифрлық

## МАЗМУНЫ

### ПЛЕНАРЛЫҚ БАЯНДАМАЛАР

М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы – Мұхтар Қазбекұлы БАЙЖҰМАНОВ .....	3
Солиев Илхом Собирович МЕТОД ПРОЕКТОВ КАК ИННОВАЦИОННАЯ ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ ТЕХНОЛОГИЯ В ДОШКОЛЬНОМ ОБРАЗОВАНИИ .....	4
Сулайманова Рахат Токтогуловна ТЕОРИЯ И ПРАКТИКА ПОДГОТОВКИ ПЕДАГОГИЧЕСКИХ КАДРОВ В СОВРЕМЕННОМ КЫРГЫЗСТАНЕ .....	8
К.К. Жампеисова, Н.Н. Хан, Ш.Ж. Колумбаева ИНТЕГРАЦИЯ И ИНТЕГРАЦИОННЫЕ ПРОЦЕССЫ В ВЫСШЕМ ПЕДАГОГИЧЕСКОМ ОБРАЗОВАНИИ .....	14
Ela Ayşe Köksal CONTRIBUTION OF VIRTUAL MUSEUM TO NATURE OF SCIENCE VIEWS OF TEACHER CANDIDATES .....	17
БАЙДЖАНОВ Бекзод Хаитбаевич ИННОВАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ ОБУЧЕНИЯ В ВЫСШЕЙ ШКОЛЕ .....	21
КАЛИМЖАНОВА Роза Лаиковна РАЗВИТИЕ МЕТАКОМПЕТЕНТНОСТИ БУДУЩИХ ПЕДАГОГОВ В УСЛОВИЯХ ЦИФРОВОЙ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ СРЕДЫ .....	24
Л.И. Пономарева Н.В. Скоробогатова УПРАВЛЕНЧЕСКОЕ СОПРОВОЖДЕНИЕ ПРОЦЕССА СТАНОВЛЕНИЯ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ КОМПЕТЕНТНОСТИ МОЛОДОГО ПЕДАГОГА .....	29

### СЕКЦИЯ 1. ҮЗДІКСІЗ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ: ӨЗЕКТІ ПРОБЛЕМАЛАРЫ МЕН БОЛАШАҒЫ

Абдылдаева Т.Ч., Адылбекқызы Г. РЕЛИГИЯ И ДУХОВНО-НРАВСТВЕННОЕ ВОСПИТАНИЕ МОЛОДЕЖИ В СОВРЕМЕННЫХ УСЛОВИЯХ .....	33
Ш.С.Сатиева, А.Ө.Өнербекова ЖОО-НЫҢ ОҚУ ҮРДЕСІНДЕГІ ЗАМАНАУИ СТУДЕНТТІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ПОРТРЕТІ .....	39
З.Н.Кудебаева, Ж. С.Раимбаева ОҚУШЫЛАРДЫҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ .....	42
Р.Б. Ордабаева ПАТРИОТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ АЙҚЫНДАЙТЫН ТӘРБИЕ ЖҮЙЕСІ ЖӘНЕ ПАТРИОТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ФАКТОРЛАРЫ .....	47
Рустембеков М.К. ТВОРЧЕСТВО И ЛИЧНОСТЬ: ИЗУЧЕНИЕ СОВРЕМЕННОГО СОСТОЯНИЯ .....	50
Ә.Мархаба АЛТЫН ОРДА ТАРИХЫН МЕКТЕПТЕ ОҚЫТУ МАЗМУНЫН ЖАҢАЛАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ .....	55
Б.А.Есенбаева ПЕДАГОГ – ТАЛАБЫ ТЫМ ЖОҒАРЫ МАМАНДЫҚ! .....	59
Н.Б.Сейдахметова ИНФОРМАТИКА САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ .....	62
А.А.Муханова, Б.А.Мұрат ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ МЕКТЕПТЕ ҚОЛДАНУ ТИІМДІЛІГІ .....	65

Гоева Т.А. ИННОВАЦИОННАЯ ТРАНСФОРМАЦИЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ПЕДАГОГА В СОВРЕМЕННОМ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОМ ПРОЦЕССЕ .....	68
Mamischeva B.B. PEDAGOGICAL BASIS OF TRAINING STUDENTS IN RESEARCH METHODS .....	71
Худайбергенова Д.А. РОЛЬ ПЕДАГОГА В ПОВЫШЕНИИ УРОВНЯ КАЧЕСТВА ОБРАЗОВАНИЯ .....	74
Н.Р. Аманова ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР НЕГІЗІНДЕ МЕКТЕП БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫН ОТАНШЫЛДЫҚҚА ТӘРБИЕЛЕУ МӘСЕЛЕСІ .....	77
Т.Е Барбол ЖАЗЫҚТЫҚТАҒЫ ГЕОМЕТРИЯЛЫҚ САЛУЛАР .....	80
Еримова А.Т., Тулебаева А.А. ИСПОЛЬЗОВАНИЕ АКТИВНЫХ МЕТОДОВ ОБУЧЕНИЯ НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ .....	85
А.С. Фельк ТВОРЧЕСКАЯ РАБОТА – ЭФФЕКТИВНЫЙ ПУТЬ К ВЫСОКОМУ МЫШЛЕНИЮ .....	89
Ғ.А. Сахова СЫН ЕСІМНІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗІ .....	90
Р.Б. Алимбеков ДЕНЕ ҚУАТЫ ҚАСИЕТТЕРІН ДАМУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ .....	94

## **СЕКЦИЯ 2. ХХІ ҒАСЫРДАҒЫ ЦИФРЛЫ БІЛІМ БЕРУ: ЗАМАНАУИ МҰҒАЛІМ ТҰЛҒАСЫ**

К.Д.Бузаубакова ЦИФРЛЫ ОРТАДАҒЫ БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТИҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІ	99
Ауезова А.А. СОВРЕМЕННЫЙ ПОДХОД К ИСПОЛЬЗОВАНИЮ ЦИФРОВЫХ ТЕХНОЛОГИИ В ДОШКОЛЬНЫХ ОРГАНИЗАЦИЯХ .....	104
Г.Қ. Әжібек ВИРТУАЛДЫҚ ШЫНДЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН БІЛІМ БЕРУДЕ ҚОЛДАНУ .....	108
А.С. Темірғалиева КЕЙС-СТАДИ ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ МАМАНДЫҚҚА БАҒЫТТАЛҒАН ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘЛЕУЕТІ .....	111
Байгашева В.Т. ПЕДАГОГ И ЦИФРОВОЕ ОБРАЗОВАНИЕ .....	115
А.А. Әбуша ИНФОРМАТИКА ПӘНІН ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ МАЗМҰНЫ АЯСЫНДА ОҚЫТУДЫҢ ӨЗІНДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ .....	119
Б.А. Чолбаева ЭЛЕКТРОНДЫ ПОРТФОЛИОНЫҢ ЖАСАЛУ ЖОЛДАРЫ .....	121
И.Д. Абуова ЦИФРЛЫ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНЕ КӨШУ – ЗАМАН ТАЛАБЫ .....	124
А.С. Раисова, Г.С. Меркибекова САБАҚТА АКТ ҚҰРАЛДАРЫН ҚОЛДАНУ .....	127
Ж.К. Танабекова ОҚУШЫЛАРДЫҢ АҒЫЛШЫН ТІЛІН ӨЗ БЕТІНШЕ ОҚУ БАРЫСЫНДА АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ МАҢЫЗЫ .....	130
Е.И. Омарова ХХІ ҒАСЫР МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ КӘСІБИ ТҰЛҒАСЫ МЕН ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІ .....	133

**СЕКЦИЯ 3. ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КАДРЛАРДЫ ДАЯРЛАУДЫҢ ЗАМАНАУИ  
ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ: ӘЛЕМДІК ТӘЖІРБИЕ, ИННОВАЦИЯЛЫҚ  
ӘДІСТЕМЕ**

Юлдашева Д.М., Холматова Ё.Б. ИННОВАЦИОННЫЙ МЕТОД ИСПОЛЬЗОВАНИЯ КРЕОЛИЗОВАННОГО ТЕКСТА В РЕЧЕВОМ РАЗВИТИИ ДОШКОЛЬНИКОВ .....	136
А.С.Амирова ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНДА ГИБРИДТІ ОҚЫТУДА «ХАЙФЛЕКС» (HYFLEX) ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ МАҢЫЗЫ .....	138
Г.Б.Идрисова ДӘСТҮРЛІ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫ ТАРИХЫН МОДЕРНИЗАЦИЯ ТҰЖЫРЫМЫМЕН ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕМЕСІ .....	143
Т.Р.Байлыбеков МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДА КОММУНИКАТИВТІК ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ӘДІСТЕМЕСІ .....	149
Р.А.Бигабылова МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ МЕКЕМЕЛЕРДЕ ДЕНЕ ТӘРБИЕСІНІҢ МӘНІ МЕН ЕРЕКШЕЛІГІ .....	154
Абдрасилов А.И., Джумашева А.С. КӨРКЕМ ЕҢБЕК ПӘНІНЕ ОҚЫТУДЫҢ ЖАҢА ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІН ПАЙДАЛАНА ОТЫРЫП ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ БЕЛСЕНДІЛІГІН ДАМУ ...	157
Б. К. Шайкыбекова ӨРКЕНДЕУ ҮШІН САПАЛЫ БІЛІМ АЛУ МАҢЫЗДЫ .....	159
Р. А. Жұматай Г. М. Тойшыбекова САБАҚТЫ ЗЕРТТЕУ- ОҚУ МЕН ОҚЫТУ САПАСЫН ЖАҚСARTУДЫҢ ТИІМДІ ТӘСІЛІ .....	161

Педагогика ғылымдарының докторы, ҚПҒА академигі  
БУЗАУБАКОВА КЛАРА ЖАЙДАРБЕКҚЫЗЫНЫҢ  
60 жылдық мерейтойына арналған  
«Үздіксіз педагогикалық білім беру:  
инновациялық парадигма, технология және әдістеме» атты  
Халықаралық педагогикалық оқуларының  
МАТЕРИАЛДАРЫ

## МАТЕРИАЛЫ

Международных педагогических чтений  
«Непрерывное педагогическое образование: инновационная парадигма, технология и  
методика», посвященные  
60-летнему юбилею доктора педагогических наук, академика АПНК  
БУЗАУБАКОВОЙ КЛАРЫ ДЖАЙДАРБЕКОВНЫ

## MATERIALS

International Pedagogical Readings  
«Continuing pedagogical education: innovative paradigm, technology and methodology»,  
dedicated to the 60th anniversary of  
Doctor of Pedagogical Sciences, Academician of KPGA  
KLARA ZAYDARBEKKYZY BUZAUBAKOVA

## ТОМ 1

Жауапты редактор:  
Техникалық редактор:  
Редакциялық сектор жетекшісі:  
Компьютерлік беттеу:

К.Д. Бузаубакова  
А.И. Абдрасилов  
М.М. Саменов  
Г.Н. Дауирбекова

Баспаға 13.03.2023 ж. қол қойылды.  
Пішімі 60/80 1/16. Есепті беті 20,0; шартты беті 18,2  
Таралымы: 50. Тапсырыс: 821

М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті  
«Dulaty university» баспасы  
080012, Тараз қаласы, Сулейменова көшесі, 11